## Мазмұны

*Кіріспе* *1-2бет*

*Жазғы сауықтыру кезеңіндегі күн тәртібі* *3-5бет*
*Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған ата-аналар жұмыс жоспары* *6бет*
*Жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары* *7-13бет*

Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау.

Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтитын жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер береді. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі барлық әрекет түрлерін таза ауада ұйымдастыру ұсынылады. Ол үшін әрбір әрекет түріне мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібінде орын мен уақыт беріледі.

ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНДЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫҢ БАҒЫТТАРЫ

білім беру саласы:

-балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалысын арттыру және психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру;

- ағзаның физикалық қызметін жан-жақты жетілдіру;
- бала ағзасының жұмысқа қабілеттілігін шынықтырудың түрлері арқылы арттыру;
- дене жаттығуларымен айналысуға қызығушылықты және қажеттілікті қалыптастыру;
- әр баланың физикалық қабілетін көрсетуіне жағдай жасау;
- аурудың және балалар жарақатының алдын алу.

білім беру саласы:

- музыкалық шығармалар арқылы рухани жан-дүниесін байыту;
- балалардың импровизацияға деген ұмтылысын қолдау;
- баланың қиялын, ынтасын, шығармашылығын белсендіру;
- музыкалық, театрландырылған өнер түрлері арқылы тәрбиелеу және мәдениетін;
- ойын, ән және би импровизацияларын қолданып, балаларды көркем бейнені жасауға баулу, орындаушылық қабілеттерін жетілдіру;
- қарым-қатынастың түрлі жағдаяттарында коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- балаларды қоршаған ортаны бақылауға баулу, әлемді суретшінің көзімен көре білуге үйрету;
- бейнелейтін затқа өзінің қатысын, көңіл-күйін бере білуге баулу, бейнелеу түрлерімен және тәсілдерімен эксперимент жүргізу;
- бастамашылдық танытуына барынша еркіндік беру және ол үшін қажетті физикалық және психологиялық кеңістік құру.

білім беру саласы:

-табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, тірі табиғат нысандарына жанашырлық сезімді, қоршаған ортаға қарым-қатынасы бойынша өз әрекетінің кейбір қарапайым нәтижесін көре білуге жаттықтыру;

-құрдастарымен, ересектермен және қоршаған табиғатпен қарым-қатынас дағдыларын дамыту;

- барлық сезім мүшелерін қолдану арқылы(көру, есту, қолымен ұстау, дәмін татып көру)қоршаған ортаның әсерін сезінуге кеңмүмкіндік беру.

білім беру саласы:

-балалардың сөздік қорын байыту;

-көркем сөйлеуін дамыту;

-балалар әдебиетімен таныстыру, балалар әдебиетінің түрлі жанрларынан дауыстап оқылған мәтінді талдау, кітап оқуға баулу.

білім беру саласы:

-балалардың ойын әрекетін дамыту;

-қарапайым жалпы қабылданған нормалар негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынасқа тарту;

-гендерлік, отбасылық, азаматтық саналылығын, патриоттық сезімдерін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру;

- еңбекке баулу, өзінің еңбегін, басқа адамдардың еңбегін, оның нәтижелерін бағалай білуге тәрбиелеу;

- адам мен қоршаған орта үшін қауіпті жағдайлар туралы түсініктерін қалыптастыру және ол жағдайларда әрекет етуге үйрету.

*Демалыстың әсерлі, толыққанды өтуіне қолайлы жағдай жасау

*Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып,олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтау және нығайту

* жетілуші организмнің тынығуға, шығармашылық қызметке және қозғалысқа деген сұраныстарын толық қанағаттандыру

*Денсаулықты нығайтуда жазғы ауа райының мүмкіндіктерін тиімді пайдалану

*

* балалардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілікте болады;

*жазғы сауықтыру шараларын бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырады;

*отбасымен ықпалдастықта болады;

* жазғы сауықтыру шараларынан күтілетін нәтижеге қол жеткізетін педагогикалық тәсілдерді қолданады және нәтижені болжайды.

*балаларды жазғы кезеңде тәрбиелеу мен сауықтыру мәселелері бойынша педагогикалық және санитариялық ағарту шараларына қатысады

* жазғы сауықтыру шараларын ұйымдастыруда мектепке дейінгі ұйым педагогтерімен ықпалдастықта болады

*балаларды шынықтыру, басқа да профилактикалық шаралардың үздіксіздігін қамтамасыз ету қажет болған жағдайда тиісті нұсқаулықты орындайды.

*балалардың жыл бойы алған білімдерін пысықтау, жарқын әсерлермен байыту;

* баланың шынығып, денсаулығының нығаюы және ағзаның суық тию сырқаттарына қарсы тұру қабілеттілігінің артуы;

*баланың қоршаған ортасында эмоционалдық жайлылық қалыптастыру;

*балалардың қарым-қатынаста белсенділігін, бастамашылдығын қолдау арқылы өзіне деген сенімділігін нығайту;

*әдептілікке үйрету арқылы эстетикалық мәдениет қалыптастыру;

*экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыру;

* шығармашылық қабілеттерін дамыту;

*балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуда педагогтер мен ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

## *Жазғы сауықтыру кезеңіндегі күн тәртібі*

| **Режимдік сәттер, іс-әрекет** | **Балалармен жұмыс құралдары мен түрлері** |
|---|---|
| Балаларды далада қабылдау $8^{15}$-$9^{00}$ | Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. Серуендеу, балалармен әңгімелесу, басқа балаларды қабылдап болғанша өз бетімен еркін ойнауға немесе басқа балалармен бірге ойнауға болатын ойын түрлері, ойыншықтары бар ойын алаңдарын дайындау және т.б. |
| Таңғы гимнастика $9^{00}$-$9^{15}$ | Бала ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыратын ойын, жүгіру, ырғақты қимыл-қозғалысты қамтитын кешенді гимнастикалық жаттығу түрі. Жаттығу барысында балалардың дұрыс тыныс алуын бақылауда ұстау. |
| Гигиеналық шаралар $9^{15}$-$9^{25}$ | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу |
| Таңғы асқа дайындық $9^{25}$-$9^{30}$ | Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. |
| Таңғы ас $9^{30}$-$9^{50}$ | Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. |
| Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті $10^{00}$-$11^{00}$ | Балалардың білім, білік және дағдыларын еркін іс-әрекетте көрсетуі үшін заттық-кеңістіктік ортаны дайындау. Балалардың өз бастамасы бойынша ұйымдастырылған ойындарға еркіндік беру. Қажеттілігіне қарай жеке жұмыс түрін ұйымдастыру. Проблемалық жағдаяттарды шешу. Балалардың қызығушылықтары бойынша дамыту жұмыстарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы қамту. |
| Серуенге дайындық $11^{00}$-$11^{10}$ | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киінудің біріздiлік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету *(тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі)*, серуенге мотивация *(мазмұны, проблемалық жағдаяттар)*, көркем сөзбен ынталандыру *(мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер)*.<br>Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. |

| | |
|---|---|
| Күндізгі серуен $11^{10}$-$12^{10}$ | 1) Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру *(қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа).* Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.<br>Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту.<br>Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер.<br>Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру.<br>Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және өлі табиғат нысандарын, табиғат құбылыстарын бақылау. Балалардың дербес шығармашылық әрекетіне мүмкіндік беру.<br>2) Еңбекке баулу үшін балабақша ауласында баланың қызығушылығын оятатын кеңістік құру.<br>Балаға ересектердің еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту.<br>Балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру.<br>Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату.<br>3) Музыка жетекшісі мен дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша жүргізілетін шаралар немесе бірлескен жұмыстар. |
| Серуеннен оралу $12^{10}$-$12^{20}$ | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесуге баулу. |
| Гигиеналық шаралар $12^{20}$-$12^{30}$ | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу *(педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).* |
| Түскі асқа дайындық $12^{30}$-$12^{40}$ | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу. |
| Түскі ас $12^{40}$-$13^{00}$ | Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. |
| Күндізгі ұйқы $13^{00}$-$15^{00}$ | Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық режимін сақтау. |
| Ұйқыдан тұру $15^{00}$-$15^{30}$ | Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында оятугимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа). |
| Бесін асқа дайындық. Бесін ас. | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.<br>Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды |

| | |
|---|---|
| $15^{45}$-$16^{00}$ | орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру. |
| Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті $16^{00}$-$17^{00}$ | Балалардың қызығушылықтарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы дамыту *(оның ішінде өңірлік ерекшелікті ескерумен).* Балалардың ойы мен идеяларын ескеру арқылы олардың қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру. |
| Серуенге дайындық $17^{00}$-$17^{10}$ | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету *(тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі),* серуенге мотивация *(мазмұны, проблемалық жағдаяттар),* көркем сөзбен ынталандыру *(мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер).* Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. |
| Серуендеу $17^{10}$-$17^{40}$ | Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету. Еркін ойындар, балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату. |
| Үйге қайту Ата-анаға кеңес $17^{40}$-$18^{00}$ | Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Жеке кеңестер, пікір алмасу. |
| | |

**ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары**

**2022-2023 жыл**

| № | Өткізетін іс-шаралар | Өткізілетін уақыт | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Жазғы сауықтыру кезеңіндегі өткізілетін іс шаралармен таныстыру және жұмыс жоспарын таныстыру,бекіту | **мамыр** | **Меңгеруші Тәрбиеші** |
| 2 | Ата-аналар мен балалрдың катысуымен жазғы іс шаралар өткізі ( эстафета) | **маусым** | **Тәрбиеші** |
| 3 | Жазғы уақытта балалардың денсаулығын сақтау туралы нұсқаулық өткізу. | **маусым** | **Тәрбиеші Медбике** |
| 4 | Ата аналарға баланың денесін шынықтыру бойынша кеңестермен бөлісу,және отбасы арасында сайыс өткізу «менің баламның есімінің бірінші әріпі» видеоролик | **Тамыз** | **Тәрбиеші** |
| 5 | «Алакай жаз келді!» жазғы сауықтыру шаралары және жылды қортындылау. | **Тамыз** | **Тәрбиеші** |
| 6 | Ата-аналарға арналған сауалнама. | **Тамыз** | **Тәрбиеші** |

## ЖАЗҒЫ КЕЗЕҢДЕГІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕЙТІН ҚҰЖАТТАР

Балалармен жазғы кезеңдегі емдеу, шынықтыру, сауықтыру және тәрбиелік іс-шараларды өткізуді реттейтін нормативтік құжаттар:

- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы;
- «Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №604 бұйрығы*(ҚР БҒМ 05.05.2020 ж №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);*
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы*(ҚР БҒМ 18.05.2020 ж №207 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);*
- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2020-2021 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДИБИЕТТЕР


1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар 2020-2021 жыл

**«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары**
**2022-2023жыл**

| Өткізілетін шаралардың атаулары | Жұмыс мазмұны | Өткізу мерзімі |
|---|---|---|
| **1-апта «Бақытты балалық шақ»** | | |
| «Әрқашан күн сөнбесін!» | Балалар күні мерекесін ұйымдастыру:<br>-балалар шығармашылығынан концерт;<br>- асфальтқа сурет салу байқауы | |
| | | |
| «Менің әлемім» | - «Менің отбасым», , «Менің бауырларым», «менің досым» тақырыптарында балалармен серуенде әңгімелесу;<br>- балалардың отбасында ата-анасымен, бауырларымен немесе жақындарымен бірге уақыт өткізгенде ойнайтын ойындары, спорттық жаттығулары, сайыстарының ішінен көпшілігіне таныс ойын түрін бірге ойнап көру және алған әсерлерімен бөлісу;<br>- тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беру, ән тыңдату және қалауы бойынша балаға айтқызу. | |
| Кәусәр бұлақ | Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою.<br>Балалардың қалауы бойынша мультфильм кейіпкерлерінің образын таңдап, қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу, патомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау. | |
| «Мен елімнің Ұланымын!» | Отан туралы өлеңдерді жатқа айту челленджі.<br>Балалар шығармашылығынан суреттер көрмесін ұйымдастыру.<br>Таза ауада ұлттық ойындар сайысын өткізу. | |
| **2-апта «Жас із-кесушілер»** | | |
| Жас із-кесушілер | Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары «Өз түсіңді табу», «Жасырынбақ», «Жалаушаны табу».<br>«Із кесушілер деген кімдер?» жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу.<br>Ертегіні немесе көркем шығарманы оқып беру.<br>«Із кесуші дара» мультфильмін көрсету. | |
| Аңдар мен аңшылар | Альбомдар көру: «Аңдар», «Құстар», «Гүлдер»…<br>«Жануарларды» белгілерін дайындау. | |

| | | |
|---|---|---|
| | Сурет салу: «мысықтың ыдысы», , «Менің сүйікті жануарым» және басқа тақырыптар (балалардың қалауын ескеру ұсынылады).<br>Құм және сумен тәжірибе.<br>Құрастыру «Аңдардың үйшігі».<br>Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру.<br>Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңдарды ізінен ажырат», «Бақшадағы қояндар», «Қағып ал да ата» (доппен) | |
| Мейірімді достарым | Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру.<br>Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну).<br>«шалқан ертегісі» тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу.<br>Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау | |
| Саялы бақ | «Ағаштар», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу.<br>Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарау.<br>Орманға, саябаққа немесе балабақшаның табиғат бұрышына саяхат. Шығармашылық жұмысқа пайдаланылатын табиғи материалдарды жинау.<br>Ағаштарды бақылау, оларға күтім жасау.<br>Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешу.<br>Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы», «Тыңда да таны», «көкеністер мен жемістер».<br>Ағаштардың суретін салу. | |
| Сыр сандық | Таныс ертегі қойылымдарын сахналау.<br>«Ең үздік қойылым», ойдан шығарылған ертегі қойылымдарды байқауын ұйымдастыру. | |
| | **3 апта «Жаз да келді, көңілді** | |
| Сабын көпіршіктері күні | Балабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу. Медициналық кабинетке саяхат.<br>«Тамшылар». Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу.<br>«Емхана» театрландырылған ойыны.<br>«Дәрігер» сюжетті – рөлдік ойыны.<br>мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Теңіздегі тіршілік | Су әлеміне саяхат.<br>«Су патшалығы» суреттер байқауы<br>«Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Сумен ойындар. | |
| Сүйкімді кірпі | «Пайдалы және зиянды» әңгімелесу.<br>Көркем шығарма оқып беру.<br>«Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу (ұжымдық жұмыс). | |
| Табиғат аясында | Жыл мезілдері<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау<br>Жапсыру «Күннің шуағы» | |
| «Күн, ауа, су» ойын сауығы | «Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу.<br>«Жуыну әні» | |
| **4-апта «Қауіпсіз жаз»** | | |
| Бағдаршам күні | Көше қозғалысы ережелерін қайталау. «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» сюжеттерді көрсетіп, бірге талдау.<br>Жапсыру «Бағдаршам».<br>Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану). | |
| Пайдалы және зиянды өсімдіктер | «Улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғаттағы қауіпсіздік» суреттерді қарап, әңгімелесу, мультфильмдер көрсету<br>Жапсыру «Жеміс-жидектер патшалығы».<br>«Саңырауқұлақтар әлемі», мүсіндеу. | |
| Марғаудың үйшігі | «Өжет өрт сөндірушілер», «Құтқарушылар», сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Өрт кезіндегі тәртіп ережелері, «01 қызметі», өрт сөндірушілер қызметі туралы балалармен әңгімелесу. | |
| «Қауіпті заттар мен құралдар» | Ойындар: «Өртке қауіпті заттар», «Өрт сөндірушіге не қажет?»<br>«Өртке қауіпті заттар» коллажы.<br>«Болады-болмайды», дидактикалық ойын.<br>«Мен бастаймын сен аяқта» ойыны.<br>Балалармен тақырыпқа байланысты кері байланыс жасау. | |
| Шебер қолдар | Театрландырылған қойылым атрибуттарының байқауы.<br>Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры) | |

| | | |
|---|---|---|
| **1апта «Гүлденген табиғат»** | | |
| Табиғатты қорғайық | «Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу.<br>Суреттер байқауын ұйымдастыру.<br>Ата-аналармен бірге «Гүл ханшайым» байқауын ұйымдастыру, номинациялар тағайындау, балалар шығармашылығын қолдау.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны «бақшадағы қояндар». | |
| Су әлемінде | Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау.<br>Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу.<br>«Судың қасиеті», «сылдырлаған су», «Ауа мен су» тәжірибесі, балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету.<br>Су бетінде сурет салу. | |
| Ғажайыптар әлемі | Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулесінің адамға, табиғатқа әсері, аспандағы бұлттар және басқа). Серуен кезінде балаларды табиғат көріністерін бақылауға үйрету және кері байланыс жасау.<br>Табиғат туралы өлең оқып беру, жұмбақтар шешу.<br>«Артық суретті тап» дидактикалық ойын. | |
| **1 апта «Ас атасы – нан»** | | |
| Алтын дән | - Дәндер патшалығына саяхат: суреттер мен альбомдар қарау.<br>- көркем шығарма оқып беру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтқызу;<br>- ыдыстағы дәндерді түрлеріне қарап ажыратып әр ыдысқа бөлу; бөлінген дәндерді санау;<br>- табиғи материалдармен, ермексазбен жұмыс «Дәндер патшалығы» | |
| Нан - дастархан байлығы | - «Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу; шығарма оқып беру, тыңдалған шығарманың мазмұнын айтқызу;<br>- нан қиқымымен ауладағы құстарды коректендіру және оларды сыртынан бақылау;<br>- нанның суретін салу, ермексаздан мүсіндеу. | |
| Нан болса ән де болады | - Нанды қолдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын қарау;<br>- «Наубайхана» жұмысымен таныстыру;<br>- «аспазшы» сюжетті рөлдік ойынын ойнату;<br>- тақырыпқа сәйкес ата-аналармен бірге ән байқауын ұйымдастыру. | |
| | - | |

| | | |
|---|---|---|
| Егіс алқабында | «Алқапта не өседі?» әңгімелесу, шығарма оқып беру;<br>- Ауладағы өсімдіктер мен шөптерге күтім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындату;<br>- «Ғажайып дәндер» ұжымдық жұмыс: дайын суретті дәндермен безендіру | |
| Жемістер мен көкөністер | - «Жемістер мен көкөністер» фестивалі;<br>- Жұмбақтар мен тақпақтар сайысы;<br>- Жапсыру «Менің дәмді достарым»;<br>- «Кім күшті?» жемістер мен көкөністерді сумен жуып, жеуден сайыс ұйымдастыру. | |
| **2 апта «Мен және қоршаған орта»** | | |
| Менің нәзік достарым | - Гүлдер, оларға қамқорлық жасау туралы әңгімелесу, шығарма оқып беру;<br>- түрлі-түсті қағаздан гүлдер жасау (қолдың ұсақ моторикасын дамыту үшін квиллинг әдісін қолдану);<br>- ұжымдық шығармашылық жұмыс: дайын және жасалған гүлдерді жолаққа орналастырып жапсыру, ауладағы өз тобының ойын алаңын безендіру;<br>- «Гүлге оранған арулар мен балалар» байқауын өткізу (ән айту, би билеу) | |
| Менің адал достарым | - Ит, мысық, балықтар немесе үй жануарлары туралы шығарма оқып беру, оқылған шығарманы талдау<br>- шығармашылық шеберханасы: сурет салудың дәстүрден тыс түрі жүннен, мақтадан, түймелерден және т.б. өзінің достарының бейнесін қағазға жапсырып жасау;<br>- сүйікті достарына арнап тілектерін айтқызу | |
| Саясында шатырдың | - Қоршаған орта туралы сұрақ-жауап ұйымдастыру;<br>- отбасылық биден әзірленген челлендж материалдарын қарау;<br>- балаларды өздері таңдаған әуендеріне билету. | |
| Ханталапай | - Ұлттық ойындар туралы шығарма, өлең оқып беру;<br>- оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелеу;<br>- асықтарды дайын бояулармен бояу, безендіру;<br>- ұлттық қимылды ойындардан сайыс ұйымдастыру. | |
| Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл! | - Мамандық түрлері олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелесу;<br>- түрлі мамандық туралы өлең оқып беру және оның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;<br>- мамандықтар туралы еркін тақырыпта сурет салу, мүсіндеу<br>- сюжетті рөлдік ойындар ойнату: «Дәрігер», «Мейрамхана», «Ұшақта» және т.б. | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| **3 апта «Өнер көзі халықта»** | | |
| Қуыршақ театры | - Қуыршақ, көлеңкелі театр қойылымын тамашалау, көрген қойылымның желісі мен ондағы кейіпкерлер туралы әңгімелесу;<br>- «Менің сүйікті достарым» ертегі кейіпкерлерінің костюмдерінің элементтерін қағаздан жасап дайын кейіпкер бейнесіне жапсыру;<br>- тақырыпқа сәйкес сюжетті-рөлдік ойын ойнату; | |
| Сөз асылы шешендік | - «Әжелер мектебі» жұмысын жандандыру, алдын-ала әзірленген «Ерте, ерте, ертеде....» әжемнің ертегісін тыңдайық челленджі бейнематериалдарын тамашалау;<br>- «Ертегілер әлеміне саяхат»сүйікті ертегілерді айтқызу;<br>- «Мен бастаймын, сен жалғастыр», мақал-мәтел айтудан сайыс ұйымдастыру | |
| Алуан-алуан кейіпкер бар | - «Менің сүйікті кейіпкерім», ермексаздан мүсіндеу, суретін салу;<br>- өзі қолдан жасаған кейіпкерінің образына еніп оның даусымен дыбыстау, сөйлеу;<br>- ертегі тыңдату, ондағы кейіпкерлер туралы өз ойларын айтқызу. | |
| Өнерлі өрге жүзер | - Ата-аналармен бірлескен әрекетте алдын-ала үйде әзірленген ұлттық оюлардың көрмесін қарастыру және жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу;<br>- тақырыпқа сәйкес жұмбақтар шешкізу;<br>- бұрыннан білетін әндерді айтқызу, билерді билету. | |
| Ел іші – өнер кеніші | - Педагогтар мен балалардың бірлескен театрландырылған қойылымдар байқауын ұйымдастыру;<br>- театрландырылған қойылымдар қою үшін атрибуттарды орналастыру;<br>- қойылым желісін ойластыру;<br>-рөлдерді ортақ келісіммен бірге таңдау;<br>- қойылымды қою. | |
| **4 апта «Ғажайыптар әлемінде»** | | |
| Балабақшам өз үйім | - «Менің балабақшам», жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу;<br>- тақырыпқа сәйкес асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу;<br>- тәрбиеші, медбике, тәрбиеші көмекшісі, музыка жетекшісі, дене шынықтыру жетекшісі, аспазшы және т.б. рөлдерінде бөлініп, рөлдерді өздігінен таңдап, ойнауға мүмкіндік беру | |

| | | |
|---|---|---|
| Бір, екі, үш бойға жинап күш | - Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу;<br>- балалардың өздеріне ұнайтын жаттығуларды жасата отырып, спорттық ойындарды бірлесіп таңдатып, ойнату;<br>- серуен кезінде аулада карапайым еңбек әрекеттерін бірлесіп жасату;<br>- ұлттық ойын «Бәйге» ойынын ойнату. | |
| Менің Қазақстаным | - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, туған өлкенің көрікті жерлері мен табиғаты туралы әңгімелесу;<br>- «Елім менің» тақырыбында «Мен бастаймын сен жалғастыр» ойыны арқылы алдын-ала әзірленген ата-аналар мен балалардың оқыған өлеңдерінің видеоматериалдарын көрсету, сол материалдардың ішінен ұнағандарын бірлесіп таңдату. | |
| Алтын сақа | - «Мен атамның көмекшісімен» тақырыбында әңгімелесу;<br>- «Жеті атасын білу тектіліктің белгісі» жеті атаны жатқа айтудан сайыс ұйымдастыру;<br>- «Ханталапай» ұлттық асық ойынын ойнату;<br>- асықтан жасалған «денсаулық жолымен» жүргізу;<br>- асықтар тізілген қолғаппен бір-біріне массаж жасату. | |
| Конституция күні | - Адалдық, достық, тәртіп туралы әңгімелесу;<br>- аталған тақырыпта балаларға ойын жағдаяттарын құру және оны дұрыс шешуге итермелеу;<br>- байрақтың дайын бейнесін жұмсақ қағаз қиындыларымен безендіру;<br>«Айбары асқақ – Ата заң» Қазақстан Республикасы Конституциясы күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастыру. | |

Дайындаған

Басымова Каиржан Шугаевна ____________

Козыбаева Кымбат Махатовна ____________

Исжанова Слушаш Советовна ____________

Шаймерденова Ардак Аманжоловна ____________

# Қарашілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің жанындағы «Мирас» шағын орталығының жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары 2022-2023 жыл

Мектеп директоры_____________Уалиева.М.Б

Әдіскер_______________Кажкенова.А.Т